Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Жинақ	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
ISBN	978-601-262-638-4
Секция	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
Жинақтағы рет нөмірі	№ 033
Мазмұндағы беті	158
Жарияланған беттері	158-162
Автор(лар)	Самиғоллаева Құралай Қайратқызы, Хайруллина Гульжан Рахметуллиевна
Мақала атауы	ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ РӨЛІ: ҚАЗІРГІ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Мазмұндағы жазылуы	Самиғоллаева Қ.Қ., Хайруллина Г.Р., Мугауина Р.У. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ РӨЛІ: ҚАЗІРГІ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

ӘОЖ 334.

«ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ РӨЛІ: ҚАЗІРГІ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Самиғоллаева Құралай Қайратқызы
Kuralai.s.k@gmail.com
«Экономика мен басқарудағы бизнес-аналитика» білім бағдарламасының
2 курс магистранты
Хайруллина Гульжан Рахметуллиевна
«Бизнес экономикасы» білім бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, PhD, қауымдастырылған профессор -Мугауина Р.У.

Тұрақты даму жағдайында шағын және орта кәсіпкерліктің жергілікті экономикада алатын рөлі зор, себебі шағын және орта кәсіпкерлік жергілікті халық үшін жұмыс орны болып табылады, табыс көзі және жергілікті тұрғындарды сұранысқа сай тауарлар мен қызметтерді ұсынады. Зерттеудің өзектілігі Қазақстанның ұлттық экономикасын түрлендіру мен тұрақты даму жағдайында шағын және орта кәсіпкерліктің алатын маңызды рөлімен анықталады.

Шағын және орта кәсіпкерлік туралы зерттеген қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасасақ, Ашимова Ж.Р.бастаған бір топ зерттеушілердің еңбегінде Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкеріктің даму мәселелері мен перспективасына талдау жасалған [1]. Қазақстанның шикізаттық-ресурстық экономикадан инновацияға бағдарланған экономикаға өтуі шағын және орта кәсіпкерлікті күшейту арқылы мүмкін болады [2]. Қазіргі кезде шағын және орта кәсіпкерлік секторында цифрландыруды дамыту, оған мемлекеттік саясат шеңберінде мән беру бірқатар елде жүзеге асырылуда. Исенова А.С. еңбегінде осындай ШОК цифрландыруды зерттеу жүргізудің барысында сауалнамаға қатысқандардың 28,9%-ы онлайн-саудаға көшкенін айтқан, цифрлық технологияны қолданам деп 12,5%-ы көрсеткен, дағдарыс кезінде цифрландырудың арқасында бизнесті жүргізгендерін байқауға болады[3].

Қазақстан өңірлері, соның ішінде Атырау облысында кәсіпкерлер арасындағы көші-қон әлеуетін аймақтық тұрғыдан зертеген ғалымдар осы облыстағы кәсіпкерлік секторының дамуын болжам жасауда бірқатар қорытындыларға келген[4]. Олардың пікірінше, соңғы уақытта еңбек пен капиталдың орын алмасуы, әсіресе, экономикалық белсенді халық ортасында миграциялық және иммиргациялық көңіл-күй факторларының етек алуы әлемдік экономиканың дамуына өспелі ықпал етуде. Жүргізілген зерттеулері негізінде өңірдің экономикалық белсенді халқын - кәсіпкерлер әлеуетін толық қолдану жеткіліксіз екендігін, Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуда ықтимал және орын алған тәуекелдердің және қауіп-қатерлердің бар екендігін айтып, басымдықтар мен кемшіліктерге, әлсіз және мықты жақтарына тоқталған. Атырау облысының халқы арасында кәсіпкерлік белсенділігінің өсуі, капитал мен еңбектың орын ауыстыру және халықтың көші-қоны мен иммиграциялық жағдайына талдау жасалған[4]. Дегенмен Атырау облысының шағын және орта кәсіпкерлік жағдайының даму мәселелері қарастырылмаған.

Осыған байланысты Атырау облысында шағын және орта кәсіпкерліктің соңғы уақытта даму жағдайы, осы секторда қордаланған мәселелер мен қауіп қатерлерге арнайы зерттеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан Атырау облысында шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайына қысқаша талдау жасап көрелік.

Атырау облысында статистикалық мәліметтер бойынша 2026 жылдың 1 қаңтарында халық саны 715,9 мың адамды құрады, соның ішінде Атырау қаласы мен Құлсары қаласы бойыша қалалықтар саны - 392,9 мың адам, бұл жалпы халық санының 54,9%. Ал ауылдыықтар саны – 323 мың адам, жалпы халықтың 45,1% құрайды, демек, ауы халқы қалаға қарағанда аз.

Көші-қон айырмасы теріс болған, яғни 2025 жылы қаңтар-желтоқсанда - 5015 адам болды, егер 2024 жылмен салыстырсақ, 2024 жылы қаңтар-желтоқсан арасында – 4687 адам құраған. Соның ішінде сыртқы көші -қон 359 болған, ішкі көші-қон – (-5424), 2024 жылы – (-5365).

Жұмыс жасап тұрған зады тұлғалар саны 2026 жылы қаңтарда 11894 бірлікті құраса, Атырау облысындағы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындары, яғни заңды тұлғалар саны 12 794 бірлікті құраған, 2025 жыл қаңтармен салыстырғанда 2,5 %-ға артқан.

Атырау облысы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнім көлемін 1-кестеден көруге болады. 2025 жылы қаңтар-қыркүйек арасында Атырау облысы бойынша 3 831 313 млн.теңге болған, осы аралықта 2022 жылы қаңтар-қыркүйекте 3 635 689 млн.теңге болған, демек, 2025 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 5,3 пайызға артқан [5].

Кесте 1 – Атырау облысы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнім көлемі, млн.тг.

	Барлығы	Соның ішінде заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер			
		шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары
қаңтар-қыркүйек 2022ж.					
Атырау облысы	3 635 689	2 828 846	661 458	118 348	27 037
Атырау қаласы	3 533 137	2 784 338	643 930	100 422	4 447
Жылыой	56 679	35 847	9 447	8 528	2 857
Индер	8 234	3 590	-	1 311	3 333
Исатай	7 126	736	2 705	1 141	2 544
Құрманғазы	7 458	1 532	169	2 412	3 345
Қызылқоға	4 829	221	-	1 127	3 481
Мақат	7 474	1 051	5 124	1 274	25
Махамбет	10 752	1 531	83	2 133	7 005
қаңтар-қыркүйек 2025ж.					
Атырау облысы	3 831 313	2 503 172	838 768	454 994	34 379
Атырау қаласы	3 613 027	2 435 093	811 089	362 192	4 653
Жылыой	102 626	47 518	16 773	33 934	4 401
Индер	21 361	4 323	4 306	8 587	4 145
Исатай	14 886	2 066	-	8 889	3 931
Құрманғазы	23 468	2 620	562	16 310	3 976
Қызылқоға	11 492	213	-	6 644	4 635
Мақат	24 132	9 792	5 223	9 092	25
Махамбет	20 321	1 547	815	9 346	8 613

Төмендегі 2-кестедегі мәліметтерден, Атырау облысындағы шағын және орта кәсіпкерік секторында жұмыспен қамтылған халықтың санын көруге болады. Экономика салаларының ішінде шағын кәсіпкерлік секторы бойынша заңды тұлғаларда 46410 адам жұмыспен қамтылған, 32,7 пайызды құрайды, ал орта кәсіпкерлік секторы бойынша заңды тұлғаларда 19704 адам жұмыспен қамтылған, 13,9 пайызды құрайды, дара кәсіпкерлер саны 70 418 адам 49,6 пайызды құрайды, шаруа қожалықтарында 5 461 адам жұмыспен қамтылған немесе 3,8 пайызды құрайды. Өнеркәсіп саласында 15 569 адам, өңдеу өнеркәсібінде 10 547

адам, құрылыс саласында 13 893 адам, көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну бойынша 14 151 адам жұмыспен қамтылған, бұл экономика саласында ең көп жұмыспен қамтылған салалар. Ал ауыл, орман және балық шаруашылығы 6 688 адам, тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу саласында 3 509 адам жұмыспен қамтылған. Біз қарастыырған салалар ішінде ең аз жұмыспен қамтылған сала - Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау. Бұл салада жұмыспен қамтылғандар саны 638 адам болған.

Сонымен қатар білім саласында, денсалық сақтау және әлеуметтік қызметтер саласы, көтерме сауда және бөлшек сауда; автокөліктер мен мотоциклдерді жөндеу, өнер, ойын-сауық және демалыс, қаржы және сақтандыру қызметі сааларында да жұмыспен қамтылған.

Кесте 2 -Атырау облысы бойынша шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, адам

	Барлығы, оның ішінде	шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалық тары
Барлығы	141993	46 410	19 704	70 418	5 461
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	6 688	851	229	147	5 461
Өнеркәсіп	15 569	2 388	4557	3 514	-
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	3 509	4 569	1 101	20	-
Өңдеу өнеркәсібі	10 547	90	2 660	3 318	-
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	638	451	514	34	-
Құрылыс	13 893	7 076	2 241	2 182	-
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	14 151	1 437	-	12 714	-

Кәсіпкерлік деербестілікке ие және ең басты экономиканы тұрақты жаңартуға бағытталған жаңалық дағдарыстық жағдайда дәстүрлі құрылымды өзгертуге қабілетті және инновациялық ортада тұрақты сапалы экономикалық өсуге өтуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан үшін, соның ішінде оның өңірлері үшін бұл ерекше маңызды, және бұны шешуде үш экономикалық мақсаттарға жету қажеттілігін қарастырады, ондай үш мақсаттар:

- өсу қарқынының (өсімнің) тұрақтылығы;
-өндіріс пен қызмет факторларын сапалы жаңарту,
-шаруашылық жүйелер қоғамы мен аумақтар дамуының тұрақтылығына экономикалы-экологиялық ұстанымда даму тиімділігі.

Тұрақты дамудың осы үш мақсатының келісімі және оларды нақты экономикада нақты шараларға өту тұрақты дамудың жоғарыда айтылған элементтерінің теңдестірілуін қамтамасыз етуді талап етеді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің өсу қарқыны мен сапасының көп критерийлі бағалау әдісі осы мақсаттарға жетудің келесі төрт кезеңінен тұрады:

- тұрақты дамудың нұсқаларын бағалау бойынша критерийлерін анықтау;
- критерийлерді өлшеу, олардың кәсіпкерлік қызмет үшін салыстырмалы маңыздылығын анықтау;
- бағалаудың көпқырлы критерийлерінің әрбір нұсқасы бойынша бағалау;
- нұсқалардың орташа бағасын есептеу және соалардың ішінен ұтымдысын таңдау.

Халықаралық ұйымдардың мамандары, шағын және орта кәсіпкерлік үшін цифрлық технологияның маңыздылығын, оны дамыту мен ынталандыру қажеттілігін баса айтады. Олар келесілерді ұсынады:

- ШОК қатысуымен және қызметтер көрсететін таңдап алынған жабдықтаушылармен ұлттық алаңдар (мысалы, маркетплейс) құру;
- ШОК өңірлік және ғаламдық сауда платформаларға (Амазон, АлиЭкспресс) шығуда қолдау көрсету.

Цифрландыру шағын және орта кәсіпкерлікті тек сапалы дамытып қоймайды, сонымен қатар технологиялық жаңғыртуды ынталандырады.

Ғылыми тұрғыдан ғалымдар пандемиядан кейін перспективалы тәжірибе ретінде барлық шағын және орта кәсіпкерлікті цифрландыруда қосымша қызметтер аясында оқытудың негізгі элементін және біліктілікті арттыруды ұсынады.

Парагон Банкинг Груп мәліметтері бойынша онлайн жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпорындардың 52 пайызында пандемия кезінде сату көлемі өскен. Голдман Сачс сұрауында кәсіпорындардың үштен төрті өздерінің цифрлық мүмкіндіктерін және инфрақұрылымды кеңейтуді әрі қарай жалғастыру пандемиядан кейінгі дағдарысты жеңудегі басымдықтар болып табылатын айтады. Шағын бизнесте технологияны кеңінен қолдану болашақтағы сын-қатерлерге тұрақты болуға көмектеседі.

PwC Kazakhstan компаниясының зерттеуі бөлшек электронды коммерция нарығын талдауға арналған, ол зерттеу бойынша 2019 жылдан 2021 жыл аралығында электронды коммерция көрсеткіштері тез өсті.

Шағын және орта кәсіпкерлікті цифрландыруда DIGITAL SME, Technopolis, Capgemini Invent «ШОК үшін дағдылар» деп аталатын есебінде табысты цифрлық трансформация жасау үшін мүдделі тараптар үшін әрекет етудің төрт бағытын ұсынды:

1. Экожүйені нығайту: ШОК дағдыларын дамытуда «экожүйені» қолдау құрылымына енгізу мен кіріктіру маңызды болып табылады.
2. Стратегиялық перспективаларды әзірлеу: бизнес үшін жаңа технологияларды енгізумен байланысты стратегиялық мүмкіндіктерді терең түсіну.
3. Дағдыларды құрылымдық дамыту: дағдыларды құрылымдық дамытуды жүзеге асыруда ШОК қолдау, бағалау, мониторинг, шешім қабылдауда мүмкіндіктерді кеңейту, ашықтықты жоғарылату, қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру.
4. ШОК қажеттіліктеріне оқытуды бейімдеу: ШОК қажеттіліктеріне қарай оқыту бойынша ұсыныстарды кеңейту (мазмұны, нысаны, ұйымдастыру).

Осы айтылғандарды ескере отырып, ШОК субъектілерін цифрлық дағдыларға оқытуға назар аудару керек, мұнда 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту бойынша Ұлттық жоба шеңберінде қаржылық емес шаралар тетіктері мен құралдарына ерекше мән беру керек деп ойлаймыз. Бұл жобаны әрі қарай жалғастыру ұсынылады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдаумен қатар қаржылық емес қолдауға аса мән беру керек, әсіресе цифрлық дағдыларды дамыту бойынша шараларға ревизия жасау. Оқытуда кәсіпкерлік құзіреттіліктерді қалыптастыруға мән беру, айталық кәсіби оқыту мен жоғары білім беруде білім алушылардың кәсіпкерлік құзыреттері мен дағдыларын

қалыптастыру үшін білім беру бағдарламаларын жаңарту, кәсіпкерлік құзіреттіліктерді қалыптастыратын пәндерді оқыту, оқу мен тәжірибені ұштастыру, дағдылар мен қажеттіліктерге талдау жасау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ашимова Ж.Р., Абитов Ж.З., Абитова Д.З., Уристембек А.М. Анализ проблем и перспектив развития малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан// Теоретическая экономика. – 2025. -№1. -С.56-71

2.Зарубина В.Р., Зарубин М.Ю.Курмангалиева А.К. Развитие малого и среднего предпринимательства Рспублики Казахстан в условиях перехода от ресурсной к инновационно ориентированной экономике// Вестник университета «Туран». – 2023. -№4. -С.109-120.

3.Исенова А.С. О поддержке малого и среднего предпринимательства в период пандемии // Central Asian Economic Review. – 2020. – Vol. 4. – P. 91-99.

4. Injigolyan A.A., Yeskozhin E.B., Shloma E.G. Migration potential among entrepreneurs: a regional aspect (on the example of the Atyrau region) // Вестник Карагандинского университета. Серия «История.Философия». -2019 - №4(96). -С. 81-86.

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігінің Ұлттық статистика Бюросының материалдары. https://stat.gov.kz/region/atyrau/